ШОҚАН УӘЛИХАНОВ атындағы мектеп

Shoqan Ecology

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ФОРУМ

"SHOQAN ECOLOGY 2027"



24 СӘУІР, 2027
24 АПРЕЛЯ, 2027

Junior 3-6 сыныптар

1 - бағыт: Өсімдіктер — біздің жердің жасыл батырлары
2 - бағыт: Жануарлар әлемі
3 - бағыт: Адам және экология
4 - бағыт: Жердің табиғи құбылыстары. Табиғаттың таңғажайып күштер

Junior 3-6 классы

Направление 1: Растения — зелёные герои нашей планеты
Направление 2: Мир животных
Направление 3: Человек и экология
Направление 4: Стихии Земли. Удивительные силы природы

ТІРКЕЛУ/РЕГИСТРАЦИЯ ДЕЙІН/ДО 01.03.27

SHOQANECOLOGY.KZ

Shoqan Ecology 2027
форумының аясында
Shoqan Ecology Junior
фестивалін өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

Алматы 2026 ж

1. Жалпы ережелер

1.1. Shoqan Ecology Junior (бұдан әрі – Фестиваль) – бастауыш және орта мектеп оқушыларына арналған жобалық және практикалық бағыттағы білім беру экологиялық фестивалі.

1.2. Фестиваль оқушылардың экологиялық ойлауын, бастамашылдығын, командалық жұмыс дағдыларын және практикалық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

1.3. Фестивальге қатысу **тегін**.

2. Фестивальдің мақсаты мен міндеттері

2.1. Фестивальдің мақсаты

Оқушыларда экологиялық жауапкершілікті, практикалық ойлауды және тұрақты даму саласында нақты іс-әрекетке дайындықты қалыптастыруға ықпал ететін интерактивті білім беру ортасын құру.

2.2. Фестивальдің міндеттері:

- қатысушыларды практикалық экологиялық және әлеуметтік маңызы бар қызметке тарту;
- жобалық ойлау, командалық жұмыс, көшбасшылық және коммуникациялық дағдыларды дамыту;
- өзекті экологиялық мәселелерді түсінуді және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- экология және тұрақты даму саласындағы кәсіби бағдар элементтерін қамти отырып, оқушылардың бастамаларын қолдау және дамыту.

3. Фестиваль қатысушылары

3.1. Фестивальге Қазақстанның, сондай-ақ жақын (ТМД) және алыс шетелдердің орта және арнайы білім беру ұйымдарының 3–6 сынып оқушылары қатыса алады.

3.2. Қатысу форматтары:

- жеке;
- командалық (2–4 адам).

3.3. Жас санаттары:

- 3–4 сыныптар – «Зерттеушілер»;
- 5–6 сыныптар – «Жобалаушылар»;

3.4. Бір команда құрамында тек бір жастағы категорияға жататын оқушылар қатыса алады, категориялар 3.3 тармақшасында көрсетілген.

3.5. Әрбір қатысушы Фестивальге тек бір жобаға қатыса алады және тек бір (жеке немесе командалық) форматта тіркелуі керек.

3.6. Жобалар, видеопрезентациялар және постерлер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылуы мүмкін.

4. Жобалардың тақырыптық секциялары

4.1. Жобалар келесі секциялар бойынша қабылданады:

- **Секция 1**: Өсімдіктер – біздің жердің жасыл батырлары
- **Секция 2**: Жануарлар әлемі
- **Секция 3**: Адам және экология
- **Секция 4**: Жердің табиғи құбылыстары. Табиғаттың таңғажайып күштері.

4.2. Әр жоба тек бір тақырыптық бағыт бойынша ғана тіркелуі керек.

5. Өткізу мерзімі мен орны

5.1. **Іріктеу кезеңі** (онлайн):

- Жобалар 2027 жылғы 1 наурызға дейін қабылданады. Фестивальге қатысу үшін Google формасын толтырып, видеопрезентация сілтемесін (2 минутқа дейін) тіркеу қажет.
- Тіркелу формасының сілтемесі: https://forms.gle/RFfmvhYEbMtLMmcL6

5.2. **Финалдық кезең** (бетпе-бет):

- Өткізу күні мен уақыты: 2027 жылғы 24 сәуір, 10:00-13:00.
- Өткізу орны: Алматы қ., 050059, Медеу ауданы, Самал-3 шағынауданы, 37/1 үй, ТОО «Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектеп».

5.3. Финалдық кезеңге қатысуға тек іріктеуден өткен қатысушылар мен командалар жіберіледі.

6. Іріктеу кезеңі

6.1. Іріктеу кезеңі видеопрезентация негізінде өткізіледі, оның ұзақтығы 2 минуттан аспауы тиіс. Бағалау 6 критерий бойынша жүргізіледі, әрбір критерийге 10 ұпайдан беріледі, барлығы – 60 ұпай. Видеопрезентацияны бағалау критерийлері №1 Қосымшада қолжетімді.

7. Финалдық кезең

7.1. Финалдық кезеңнің форматы

- Финалдық кезең интерактивті форматта өткізіледі және оқушылардың бірлескен практикалық, командалық және оқытуға бағытталған белсенділіктерге қатысуына негізделеді.
- Финалдық кезеңде жобаларды қорғау, ауызша презентациялар және жеке баяндамалар қарастырылмайды.

7.2. Фестивальдік командалар

- Финалдық кезеңге қатысу үшін фестивальдік командалар құрылады – бұл командалар тек Фестивальдің финалдық кезеңінен өту мақсатында уақытша қалыптастырылады. Фестивальдік командаларды қалыптастыру ұйымдастырушылар тарапынан жүзеге асырылады.
- Жеке тіркелген немесе 2-3 адамнан құралған командамен тіркелген және іріктеу кезеңінен өткен қатысушылар өз жас санаттары аясында кездейсоқ тәртіппен фестивальдік командаларға бөлінеді.
- 4 адамнан құралған командамен тіркелген және іріктеу кезеңінен өткен қатысушылар өз құрамын сақтап, финалдық кезеңге жеке фестивальдік команда ретінде қатысады.

7.3. Финалдық кезеңнің құрылымы

Финалдық кезең станциялық форматта өткізіледі. Бұл форматта фестивальдік командалар станциялар бойынша кезекпен өтіп, тапсырмалар мен белсенділіктерді орындайды. Финалдық кезең келесілерді қамтиды:

- 6 тақырыптық станция – практикалық және оқытуға бағытталған тапсырмалармен, әрқайсысы 5 ұпайдан бағаланады;
- жеке бағаланатын постер станциясы – 10 ұпай.

Финалдық кезеңнің жалпы бағалау кестесі №2 Қосымшада қолжетімді.

8. Постер станциясы

8.1. Постер алдын ала дайындалып, қазылар алқасының бағалауына ұсынылады.

8.2. Постер форматы:

- жеке – жеке қатысушылар үшін;
- командалық – командалық қатысушылар үшін.

8.3. Постерді бағалау критерийлері №2 Қосымшада қолжетімді.

8.4. Постер қатысушы (команда) тіркеу және іріктеу кезеңінде ұсынған жобасына сәйкес болуы тиіс.

9. Финалдық кезеңді бағалау

9.1. Финалдық кезеңнің жалпы ұпайы – **40**:

- постер – **10** ұпай;
- станциялар – **30** ұпай.

9.2. Финалдық кезеңнің ұпайы фестивальдік командаға есептеледі және әр қатысушының қорытынды нәтижесінде **10.3–10.4 тармақтарына сәйкес** ескеріледі.

10. Қорытынды бағалау жүйесі

10.1. Қатысушының қорытынды нәтижесі екі кезеңнің ұпайларын қосу арқылы анықталады:

- Іріктеу кезеңі – **60** ұпай **(**видеопрезентация**)**;
- Финалдық кезең – **40** ұпай (постер + станциялар);
- **Жалпы – 100** ұпай.

10.2. Іріктеу кезеңін ұйымдастыру комитеті 6.2-тармақта көрсетілген критерийлер бойынша бағалайды. Ұпайлар:

- жеке қатысушыларға – жеке есептеледі;
- командалық қатысушыларға – тіркелген команда құрамында (командаға бірдей ұпай) есептеледі.

10.3. Финалдық кезең станция модераторлары тарапынан өткізу орнында бағаланады. Ұпайлар фестивальдік командаға есептеледі. Команда мүшелерінің барлығы финалдық кезең үшін **бірдей ұпай** алады.

10.4. Қатысушының қорытынды ұпайы = іріктеу кезеңінің ұпайы + фестивальдік команданың финалдық кезеңдегі ұпайы. Қорытындылар **жас санаттары бойынша** шығарылады (3.3-тармақ).

11. Қатысушыларды марапаттау

11.1. Дипломдар:

- I дәрежелі диплом – **85–100 ұпай**;
- II дәрежелі диплом – **70–84 ұпай**;
- III дәрежелі диплом – **55–69 ұпай**.

11.2. Фестивальдің барлық қатысушылары дипломдармен және естелік бағалық сыйлықтармен марапатталады.

12. Қорытынды ережелер

12.1. Ұйымдастырушылар Фестивальдің мақсаттарын өзгертпей, формат пен кестеге өзгерістер енгізу құқығын өздеріне қалдырады.

12.2. Фестивальге қатысу осы Ережемен келісуді білдіреді.

Shoqan Ecology 2027
форумның аясында
Shoqan Ecology Junior
фестивалін өткізу туралы
ЕРЕЖЕГЕ
№1 Қосымшасы

Видеопрезентацияны бағалау кестесі

(Іріктеу кезеңі)

	Критерий	Сипаттамасы	Ұпай
1	Экологиялық мәселе	Жобада нақты қандай экологиялық мәселе қарастырылатыны анық көрсетілген	10
2	Өзектілігі	Бұл мәселенің неге дәл қазір және кім үшін маңызды екені түсінікті	10
3	Жобаның пайдасы	Жобаның адамдарға, табиғатқа немесе қоғамға әкелетін нақты пайдасы көрсетілген	10
4	Нақты әрекеттер	Қатысушы(лар) экологиялық әрекеттерді қазірдің өзінде жүзеге асырып жүр	10
5	Идеяның түсініктілігі	Жобаның идеясы қарапайым әрі түсінікті тілмен баяндалған	10
6	Видео сапасы	Бейне анық, логикалық құрылымы бар, дыбыс пен көрініс түсінікті	10
		Қорытынды:	60

Shoqan Ecology 2027
форумның аясында
Shoqan Ecology Junior
фестивалін өткізу туралы
ЕРЕЖЕГЕ
№2 Қосымшасы

. Финалдық кезеңнің жалпы бағалау кестесі
(постер + интерактивті оқыту белсенділіктері)

Критерий	Ұпай
Постер	10
Интерактивті оқыту белсенділіктері: 1-6 Станциялар	
Станция 1. Баламалы энергия көздері	6
Станция 2. Қалемше дайындау	6
Станция 3. Өсімдіктерді көбейту және күтім жасау	6
Станция 4. Қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу	6
Станция 5. Күнделікті өмірге арналған экологиялық шешімдер	6
Станция 6. Экологияда командалық әрекеттер	6
Қорытынды:	40

Постерді бағалау кестесі
(Финалдық кезеңнің бөлігі)

	Критерий	Сипаттамасы	Ұпай
1	Тақырыпқа сәйкестігі	Постер таңдалған тақырыпты айқын көрсетіп, бағытқа сәйкес болуы тиіс.	2
2	Жобаның түсініктілігі	Жоба мен оның мақсаттары постерде анық көрсетіліп, оңай түсінікті болуы керек.	2
3	Іске асыру	Не істелгені немесе не жоспарланғаны көрсетілген. Макет болса, ол жоба жүзеге асыру аясында бағаланады.	2
4	Құрылым мен рәсімдеу	Постер қолмен орындалуы тиіс, құрылымы логикалық, мәтіндері оқуға ыңғайлы болуы керек. Графикалық редакторларды (мысалы, Canva) қолдануға болмайды.	2
5	Экологиялық мағына	Постер жоба табиғатқа қалай әсер ететінін немесе экологиялық мінез-құлықты қалай қалыптастыратынын көрсетуі тиіс.	2

Ескертпе: станциялардың атаулары мен өткізілетін белсенділіктер өзгеруі мүмкін, бірақ ұпайларды бөлу әдістемесі мен постерді бағалау критерийлері өзгермейді.